

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының төрағасы
Асанов Жақып Қажманұлы мырзаға

Құрметті Жақып Қажманұлы!

Мен Умбетова Турахан Бакиевна 1946 жылғымын, жасым 72-ден асты, бұрынғы ауыл тұрғынымын, тағдырдың тәлкегіне түсіп екі қызым бірдей қайтыс болған соң артында қалған балаларын қарауға қалаға көшіп келдім. Білмеймін Алла тағалам осы балаларға бас-көз болсын деді ме, қыздарымның артында қалып балаларын бағып жүрген жайым бар.

Менің қызым «Премьера» тұрғын үй комплексінен қайтыс боларының алдында үй алған болатын, алған пәтеріміздің артық шаршы метрі үшін ай сайын 100 000 теңге ақша төлеуіміз керек еді, бірақ менің зейнетақым оны төлеуге жетпеді, сол себепті Алматы қаласы Наурызбай аудандық сотына ай сайынғы төлемді азайту үшін арыздандым.

Оның алдында талай жаннан көмек сұрап есігін қақтым, қаншама адамның алдынан өтіп, кәрия басымның кірмеген, иілмеген жері қалмады.

Себебін өзіңізде де түсініп тұрған боларсыз балаларымның жалғыз панасын сақтау екенін. Өз пәтеріміз бола тұра қанша уақыттан бері не тіркеуге тұра алмадық жақын жердегі дәрігерге қаралу үшін де, мектепке балаларды беру үшін де басқа да тіркеуге қатысты мәселе туындағанда жағдай айтумен келдік.

Балам менің айтайын дегенім бұл емес, басқа жағдай!

Сотқа барып жүргенімде менің таң қалғаным, соттағы тәртіп, тазалық, мамандардың кішіпейілділігі, ақ жейде, галстук, костюм киген ұл-қыздарды көргенде бір сәтке болса да келген проблемаңды ұмытады екенсің.

Әрине қай жерде де, қай салада да жұмысты жоғары деңгейде ұйымдастыра білу басшыға байланысты!

Сотта менің талап арызым **Урстембай Нұрсұлу Құдайбергенқызына** түсті, ісімді өз басынан өтіп жатқандықпен, ұқыптылықпен, мейірімділікпен, үлкен кісіге деген ізеттілікпен, бала бағып жүрген ана ретінде құрметпен қабылдады. Мен сотқа келгендей емес өз қыздарым тіріліп келгендей сезіндім. Өзімді еркін ұстап басымнан өткен жәйттерді ретімен тізіп бердім. Осындай әсерден көз жасыма да ерік бердім, сот қызым жаныма кеп мені жұбатқанда ол маған бұрынғыдан да жақын бола түсті. Хатшысы **Юсупов Дильшат Даркаевич** ұлты ұйғыр болса да қазақша сөлейді екен өзі өте кішіпейіл!



Жалғыз үмітім тек қана әділетті сот органы деп келгенімде, барлық үмітім ақталды!
Тіркеуге де тұрдық, ай сайынғы үйдің төлемі де шешілді, басқа әлеуметтік көмектер бойынша да қажетті нұсқаулық кеңестер алдым. Қазір құжаттарымды дайындап шапқылап жүрмін! Оған да тәуба!

Сіз басқарып отырған халықтың тағдырын шешетін қиын салада осындай керемет жандардың бары сот органдарына деген біздердей қарапайым адамдардың сенімін арттырады!
Апа ретінде алғыс - батам шексіз, жанұяларыңызға береке, байлық, қызметтеріңізге творчестволық табыс тілеймін!

Ізгі тілекпен, зейнеткер, қарт апа,
Наурызбай ауданының тұрғыны: Үмбетова Т.Б.

« 28 » 11 2018ж.